

ХАЛҚЫМНЫҢ ШАТТЫҒЫ ҮШІН



Өткен 1936-жыл қайта туған қазақ халқының өмірінде тамаша бір тарихи жыл болды. Біріншіден, Қазақтың автономиялық республикасы Одақтас республикаға айналды. Екіншіден, қазақ халқының көркемөнерінің, театр өнерінің, ән-күйінің даңқы жер жүзіне жайылған жыл болды.

Қазақ халқының мәдениеті, ойын-сауығы, көркем өнері жөнінде де түрі ұлттық, мазмұны социалистік көркем өнеріміз қарқынды өсіп келеді. Оны өткен жылғы Мәскеуде болған қазақ көркем өнерінің декадасы айқын көрсетті. Мен сол сапарда наградаға «Еңбек Қызыл

Туы» орденін алып қайттым, соның артынан Үкіметім маған «СССР халық әртісі» деген атақ берді. Мен ол күндерімді өмірімдегі ең бақытты күндерім деп білемін.

Мен сахнаға шығып шаттықтың «Гәккуіне» салғанда, сүйікті көсемім Сталин жолдас маған сүйсіне қол шапалақтағанын өмірімде ұмытпаймын. Көшемнің маған қол шапалақтағаны менің ынта-жігерімді бұрынғыдан әлдеқайда арттырды.

Мен театрда халқымды, Отанымды... жанымнан да жақсы көргендігімнен істеймін. Социалистік көркем өнердің шыңына шығамын, жаңа Конституцияға лайық жұмыс істеймін.

«Социалды Қазақстан», 1937, 01 қаңтар